

Мәртөк ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 16 ақпандағы № 76 "Мәртөк ауданы бойынша 2016 жылға мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшерін бекіту туралы" қаулысына өзгеріс енгізу туралы

Мерзімі біткен

Ақтөбе облысы Мәртөк ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 1 қарашадағы № 456 қаулысы. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 30 қарашада № 5147 болып тіркелді. 2017 жылдың 1 қаңтарына дейін қолданыста болды

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31 бабына, Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі "Білім туралы" Заңының 6 бабы 4 тармағының 8-1) тармақшасына сәйкес Мәртөк ауданы әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Мәртөк ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 16 ақпандағы № 76 "Мәртөк ауданы бойынша 2016 жылға мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшерін бекіту туралы" (нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4792 болып енгізілген, 2016 жылғы 28 сәуірде аудандық "Мәртөк тынысы" газетінде жарияланған) қаулысына келесі өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген қаулының қосымшасы осы қаулының қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Б. Тлегеновке жүктелсін.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

Н. Қалауов

Мәртөк ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 16 ақпандағы № 76 қаулысына қосымша
Мәртөк ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 01 қарашадағы № 456 қаулысына қосымша

2016 жылға мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшері

--	--	--	--	--	--

№	Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту ұйымдарының әкімшілік-аумақтық орналасуы (аудан, қала)	Мектепке дейінгі ұйымдарда болу ұзақтығы	Мектепке дейінгі ұйымдарда қаржыландырудың жан басына шаққанда бір айдағы мөлшері (теңге)	Б і р тәрбиеленушінің шығындарының бір айдағы орташа бағасы (теңге)	Мектепке дейінгі ұйымдарда ата-аналарының бір күнге төлемақы мөлшері (теңге)
			Бала бақша	Бала бақша	
1	Мәртөк ауылы	10,5	35 916	35 916	250
2	Қызылжар ауылы	10,5	28 248	28 248	250
3	Саржансай ауылы	10,5	31 588	31 588	250
4	Родниковка ауылы	10,5	34 854	34 854	250
5	Қаратаусай ауылы	10,5	23 056	23 056	250
6	Жайсаң ауылы	10,5	29 504	29 504	250
7	Қаратоғай ауылы	10,5	33 437	33 437	250
8	Хазірет ауылы	10,5	24 378	24 378	250
9	Сарыжар ауылы	10,5	20 557	20 557	250

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК